

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
халықаралық қатынастар факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі ұсынған.*

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **Ф.Т. Кукеева**;
саясаттану ғылымдарының докторы, профессор **Ж.К. Симтиков**;
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент **Н.А. Атығайев**.

Әліпбаев А. Р., Бөжеева Б. З.

Ә Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының хронологиясы (1991-2014): оқу-әдістемелік құралы / А.Р. Әліпбаев, Б.З. Бөжеева. – Алматы, 2016. – 316 б.

ISBN 978-601-04-1713-7

Аталмыш оқу-әдістемелік құралы оқу хрестоматиясы түрінде құралған.
Оқу-әдістемелік құралында Қазақстан Республикасының 1991-2014 жылдар аралығындағы сыртқы саясаты мен халықаралық қарым-қатынастарының қалыптасуының мерзімдік шежіресі қарастырылған.

Оқу-әдістемелік құралы халықаралық қатынастар, аймақтану мамандығында оқитын студенттерге, магистранттарға арналған.

ӘОЖ
КБЖ

ISBN 978-601-04-1713-7

© Әліпбаев А.Р., Бөжеева Б. З., 2016
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

КІРІСПЕ

Назарға ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралында 1991-2014 жылдар аралығындағы, яғни Қазақстан Республикасының тәуелсіз ел ретінде әлемдік қауымдастық тарапынан ресми түрде мойындалуынан бастап, мемлекетаралық дипломатиялық қатынастардың орнауы, мемлекет басшыларының ресми сапарларының, кездесулері мен халықаралық келіссөздердің негізінде халықаралық қарым-қатынастарының қалыптасуының мерзімдік шежіресі қарастырылған.

Бұл оқу-әдістемелік құралының басты мақсаты студенттер мен магистранттардың Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мен дипломатия саласындағы алған негізгі білімдерін жүйелі түрде нақтылы мәліметтермен толықтыру. Сол ретте «Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының хронологиясы (1991-2014)» халықаралық қатынастар, аймақтану мамандығында оқылатын «Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты» пәні бойынша оқу үдерісі барысында белсенді түрде қолданылатын оқу-әдістемелік құралымен қоса нақтылы саяси оқиғалардың дерек көзі болып табылады.

Оқу-әдістемелік құралының негізгі мақсаттары:

- болашақ халықаралық қатынастар саласындағы мамандарды мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ретіндегі дипломатиялық қызмет туралы мәліметтермен таныстыру;
- халықаралық қатынастар саласындағы Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мен дипломатиялық қызметінің қалыптасуы мен даму эволюциясын қарастыру;
- халықаралық қатынастар тарихындағы маңызды оқиғалардың мерзімдік шежіресін сараптай білуге үйрету.

«Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының хронологиясы (1991-2014)» оқу-әдістемелік құралының негізгі міндеттері: